

**Халықтың инвестициялық жекешелендіру купондарын жинақтайтын инвестициялық жекешелендіру қорларының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 22 ақпан 1994 ж. N 1573. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.07.18. N 2367 жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттіктер беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы негізінде және жаппай жекешелендіру барысында инвестициялық жекешелендіру қорларына салынған халықтың инвестициялық жекешелендіру купондарын қорғау үшін әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға [II кезең] арналған Ұлттық бағдарламасын жүзеге асыру кезінде:

- жекешелендірілетін кәсіпорындардың акцияларына айырбастау үшін азаматтардың инвестициялық жекешелендіру купондарын жинақтаушы инвестициялық қорлары пайдадан алынатын салықтан және бюджетке басқа да төлемдерден босатылады;

- инвестициялық жекешелендіру қорларының акционерлері аталған қорлардың акциялары бойынша дивиденд түрінде алынатын табыстардан салық төлеуден босатылады;

- инвестициялық жекешелендіру қорлары бағалы қағаздар эмиссиясының проспекті тіркеу кезінде, сондай-ақ инвестициялық жекешелендіру қорлары инвестициялық жекешелендіру купондары мен ақшаға орналастыратын акцияларды сатып алу жөніндегі мәмілеге қатысушылар бағалы қағаздармен жасалатын операциялар бойынша салық төлеуден босатылады деп белгіленсін.

2. Жергілікті әкімдерге халықтың инвестициялық жекешелендіру купондарын жинақтайтын инвестициялық жекешелендіру қорларына жергілікті салықтар мен алымдар бойынша жеңілдіктер беру туралы мәселені бір ай мерзім ішінде қарау тапсырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына қолданылып жүрген салық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныс енгізілсін.

4. Осы Жарлықтың Заң күші бар және Қазақстан Республикасының

қолданылып жүрген заңына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін қолданылады.

5. Жарлық жарияланған кезінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Алматы. 1994 жылғы 22 ақпан

№ 1573

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК